

«Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

Бекітемін:  
Меңгеруші: А.К.Бисебаева



Келісемін: *Толы*  
Әдіскер: Ш.Р.Толыбаева



**2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің  
перспективалық жоспары  
«Айгөлек» ортаңғы тобы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Балдырған» бөбекжай-бақшасы»

**Топ/сынып:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p>«Қамқор» жобасы – Спорттық қимылдар мен ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтына тәрбиелейді.</p>	<p>Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту; негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру; қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру, дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу; денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту; Қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;</p>
	<p><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы – Сұрақ-жауап, әңгімелеу, тілін және қарым-қатынас мәдениетін дамытады.</p>	<p>Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге үйрету. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» жобасы – әдебиетке қызығушылықты арттырып, есте сақтау мен қиялды дамытады.</p>	<p>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету.</p>
	<p>Қазақ тілі</p> <p>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы» – Қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорды кеңейту, диалог жүргізу арқылы тілдік дағдыларды қалыптастырады.</p>	<p>Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және түсінікті жауап беру. Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану,</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – логикалық ойлау мен сандық түсінікті дамытады.</p>	<p>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «Қанша» сұрағына жауап беру.</p> <p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық (кем)?» сауалдарына жауап беру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамын қалыптастырады.</p>	<p>Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.</p> <p>Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – түрлі бейнелер жасау арқылы қол еңбегін, ұқыптылықты және қиялды дамытады.</p>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары</b> – Түрлі пішіндерді орналастырып, жапсыру арқылы шығармашылық ойлау («Шабыт») мен логикалық-конструктивті қабілетті («Smart Bala») дамытады.</p>	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – логикалық ойлау мен конструктивті дағдыларды жетілдіреді.</p>	<p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.</p>

		<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
	<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – шығармашылық қабілеттерін дамытып, өнерге баулиды.</p>	<p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Өртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p>
	<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары</b> – Отбасы мүшелерін танып, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болуға және еңбекті құрметтеуге тәрбиелейді.</p>	<p>«Мен» бейнесін, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.</p> <p>Балаларды отбасы бейнеленген фотосуреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға, өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға, оларға өзін жақсы көргені, қамқор болғаны үшін ырзашылық білдіруге баулу.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған»бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023 - 2024 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы</b>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру <b>«Қамқор» жобасы</b> – ептілік пен шапшаңдықты дамыту, ұлттық ойындарда ынтымаққа тәрбиелеу.</p>	<p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Өрмелеу., еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, үйлесімділікті дамыту; Қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара оң қарым-қатынас жасауға баулу; Күнделікті өмірде, спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Сөздік қорды байыту, қарама-қарсы сөздерді меңгеру, ойын арқылы тілдік дағдыларын дамыту.</p>	<p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет <b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Ертегі, әңгіме, өлеңдерді тыңдау, кейіпкерлер әрекетін талдау,</p>	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі <b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Суреттерді қарастырып, мазмұнын айту, ойды еркін жеткізуге баулу.</p>	<p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері <b>«Smart Bala» жобасы</b> – салыстыру, қарапайым теңдік пен теңсіздікті ажырату.</p>	<p>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p>
	<p align="center"><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p>

<p><b>«Шабьт» жобасы</b> – Қарапайым сюжеттік суреттерді салу, негізгі түстерді қолдану, эстетикалық талғамын дамыту.</p>	
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>Шабьт» жобасы</b> – қарапайым заттарды мүсіндеу, ұсақ моториканы жетілдіру.</p>	<p>Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабьт» + «Smart Bala» жобалары</b> – Түрлі пішіндерден бейне құрастыру, түстерді сәйкестендіру, ойдан бейнелеу.</p>	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – Ұжымдық құрылыс жасау, бөлшектерді орналастыру, ойдан және үлгі бойынша құрастыру.</p>	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабьт» жобасының мақсаты</b> – балаларды ұлттық мәдени мұрамен, шығармашылық қабілеттерін дамыту және өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру.</p>	<p>Қазақтың күй өнерін түсіндіру. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары</b> – Жақсы-жаман қылықтарды ажырата білу, мейірімділікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, әлеуметтік және эмоционалды интеллекті тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МКҚК «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023 - 2024оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қараша – әділдік және жауапкершілік айы</b>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру <b>«Қамқор» жобасы</b> – денсаулықты нығайту, мәдени-гигиеналық әдеттерді қалыптастыру.</p>	<p>Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру дағдыларын дамыту. Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; жалпы даму жаттығуларын дұрыс орындай білу; Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Сөздерді дұрыс қолдану, сұрақтарға толық жауап беру, ересектермен диалог құру, ауызекі сөйлеу үлгілерін меңгеру.</p>	<p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет <b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Таныс ертегілерді қайталау, сұрақтарға жауап беру, кейіпкерлерді қарапайым сөйлемдермен сипаттау.</p>	<p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі <b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Қазақ тілінде тақпақ жаттау, шағын сөйлемдер құрастыру, сөз тіркестерімен сөйлеуге жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау. Шағын мәтіндер құрау үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту.</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері <b>«Smart Bala» жобасы</b> – Заттарды топтастыру, тең-теңсіздікті ажырату, қарапайым өлшемдерді салыстыру.</p>	<p>Біртекті заттарды топтастырады және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты таба білу, тең және тең емес заттар тобын және екі затты белгілі өлшемі бойынша салыстыру; ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыра отырып, ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды атау.</p>

<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу <b>«Шабыт» жобасы</b> – Сюжеттік суреттер салу, қарындашпен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру.</p>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру</p>
<p>Мүсіндеу <b>«Шабыт» жобасы</b> – Жануарлар мен өсімдіктерді бөліктерді қосу, біріктіру арқылы мүсіндеу.</p>	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету.</p>
<p>Жапсыру <b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары</b> – пішіндерден бейне құрастыру, көлемдік арақатынасты ескеру, ұсақ элементтерді жапсыру.</p>	<p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
<p>Құрастыру <b>«Smart Bala» жобасы</b> – Қалдық материалдардан бұйым жасау, қамқорлық тақырыбында шығармашылық жұмыстар.</p>	<p>Балалар құстарға қамқорлық, жануарлар әлеміне қамқорлық мақсатында қалдық материалдан әр түрлі бұйым жасауды үйренеді. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды. Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
<p>Музыка <b>«Шабыт» жобасы</b> – Музыканы тыңдау, иллюстрациямен салыстыру, аспаптардың дыбысын ажырату.</p>	<p>Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта <b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары</b> – әдепті қарым-қатынасқа баулу, табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру.</p>	<p>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету. Тірі және өл табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МҚКК «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023 - 2024 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы	<b>Біртұтас тәрбие жобасы.</b>	
	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру <b>«Қамқор» жобасы</b> – денсаулықты нығайту, ұлттық қимылды ойындарда ережені сақтауға тәрбиелеу.</p>	<p>Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Көлбеу тактайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу дағдыларын бекіту. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Ұлттық қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту <b>«Үшқыр ой алаңы» жобасы</b> – сөйлемдерді байланыстырып айту, табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсіну арқылы, жылдың әр мезгіліндегі құстар мен жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін жүйелеу. Әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктері артады.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет <b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – шығарманың жанрын ажырата білу.</p>	<p>Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі <b>«Балалар кітапханасы» + «Үшқыр ой алаңы»</b> – қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құрай білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тындау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері <b>«Smart Bala» жобасы</b> – Тәулік бөліктерін ажырату, кеңістіктегі орналасуды түсіну.</p>	<p>Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұтастыру, биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Тәулік бөліктері, заттардың орналасуы (сол жақта, ортасында, оң жақта) туралы білімдерін қалыптастыру. Балалардың тәулік бөліктері туралы түсінігін нығайту;</p>
<p align="center"><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p>	<p>Суретте әртүрлі материалдарды біріктіру арқылы сурет салуды үйреніңіз: түрлі-түсті балауыз қарындаштар, бояу (гуашь) арқылы бейнелеуді қабылдау, бейнелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға даладағы, ормандағы, ауылдағы қыс</p>	

<p><b>«Шабыт» жобасы</b> – түрлі-түсті бояулармен шығармашылық қабілетті дамыту.</p>	<p>мезгілінің суретін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Түрлі үйлер мен ағаштардың суретін салу дағдыларын бекіту.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – түстерді ажырату, қол қимылдары арқылы ұсақ моториканы жетілдіру.</p>	<p>Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру.</p> <p>Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы, балалардың әртүрлі көлемдегі заттарды мүсіндеу, тегістеу қабілеттерін арттыру. Түсті ажыратуға және атауға үйрету, заттардың пішіні туралы білімдерін бекіту, контур бойымен заттарды бір немесе екінші қолмен кезектесіп айналдыру арқылы балалардың түстер тәжірибесін байыту.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala» жобалары</b> – композиция құрастыру, реңктерді қолдануға үйрету.</p>	<p>Балаларда: шығармашылықты дамыту; саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.</p> <p>Бейнені айқын беру үшін сұлбаны кию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. оларды парақтың бетіне жапсыру; әртүрлі реңктегі қағазды қолдануға ынталандыру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – қарапайым құрылыстар салу, бөлшектердің атауларын меңгеру.</p>	<p>Балалардың қарапайым құрылыстарды орындау және тұрғызу қабілеттерін арттыру. Бөлшектердің аттары туралы білімдерін бекіту; Лего конструкторына қызығушылықты оятуды жалғастыру, балаларды схема бойынша және үлгі бойынша салуды үйретуді жалғастыру;</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – Әндердің көңіл-күйін ажырату, сабырлы, көңілді әуендерді толық жеткізу.</p>	<p>Музыкалық шығармалардың сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету: Нәзік, сабырлы, көңілді, көңілсіз әнді сезіне айтуға үйрету. Әннің не туралы айтылатына түсінік беру. Музыканың шығармашылық іс-әрекетін қарапайым, дағдыларын меңгеру. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p> <p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» жобалары</b> – жанды және жансыз табиғат арасындағы байланысты түсіну, көркем шығармалар арқылы табиғатты сүйіспеншілікпен қабылдауға тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларда табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы, табиғат құбылыстары мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің байланысы туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Балаларды қыс туралы көркем шығармалармен таныстыру, кітаптардағы иллюстрацияларға қызығушылықты ояту. Жанды және жансыз табиғат арасында байланыс орнатуға үйрету (ауа-райы - судың, қардың жағдайы; мезгіл – өсімдіктердің күйі, талдау, жасау</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы МКҚК «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Айгөлек» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2023 - 2024 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<b>Қаңтар – заң және тәртiп айы</b>	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> – Дене қимылдарын дамыту, гигиеналық дағдыларды сақтау (қол жуу, тіс тазалау, ұқыптылық).</p>	<p>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап жүгіру; Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – сөз тіркестерін дұрыс қолдануға дағдыландыру арқылы тілдік қарым-қатынас қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Сурет бойынша әңгімелейді. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйренеді, Балалар таныс ертегілерді тыңдап, өздері рөлдерге бөліп ойнайды, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрену. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. Сөйлеммен затты сипаттай білуді дағдыландыру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Қысқа өлеңдер мен тақпақтарды мәнерлеп жатқа айту, жанрын ажырату, сөйлем құрастыру, тілдік аппаратты дамыту.</p>	<p>Қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйренеді. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білуді дағдыландыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Жай сөйлемдер құрау, таныс сөздерді қолдану, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. Зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – Заттарды қатар қойып салыстыру, ұғымдарды меңгеру.</p>	<p>Заттарды қатар қойып салыстыру кезінде «сонша, неше...», «теңбе-тең», «үлкен», «кіші» терминдерін пайдалануға үйренеді Түрлі заттар тобын қатар қоя, үстіне қоя арқылы көлемі, саны бойынша салыстырады.</p>

<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу <b>«Шабыт» жобасы</b> – Түстер үйлесімділігіне назар аудару, шығармашылық ойды дамыту.</p>	<p>Түстердің үйлесімдігіне назар аударуға үйренеді. Таяқшаларды пайдаланып сурет салуға үйрету. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруды, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын бекіту. Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық таныту.</p>
<p>Мүсіндеу <b>«Шабыт» жобасы</b> – бөліктерін біріктіру арқылы мүсін жасауға үйрету, ұсақ қол моторикасын жетілдіру, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Пластиннің кішкене бөліктерін тұтас бөліктен шымшу мүмкіндігін бекіту үшін оны алақандар арасында айналмалы қозғалыспен айналдыру. Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Жапсыру <b>«Шабыт» + «Smart Bala»</b> – Ұсақ моториканы дамыту, қағаз бетінде бейнені дұрыс орналастыру, ұжымдық жұмыста үйлесімді әрекет ету.</p>	<p>Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. Саусақтардың ұсақ моторикасын; қағаз парағында затты композициялық түрде орналастыру өз әрекеттерін бүкіл ұжымның жұмысымен үйлестіру қабілетін дамыту.</p>
<p>Құрастыру <b>«Smart Bala»</b> – Қарапайым құрылыстарды құрастыру, белгілеріне қарай біріктіру, шығармашылық қиялды дамыту.</p>	<p>Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре біледі және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдылары қалыптасады. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>
<p>Музыка <b>«Шабыт»</b> – Музыканың сипатын ажырату: көңілді, салтанатты, қуанышты немесе мұңды әуендерді тану.</p>	<p>Музыкалық шығарманың сипатын ажырату (көңілді, салтанатты, қуанышты, ашықжарқын, көңілсіз, мұңды). Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта <b>«Қамқор» жобасы</b> – жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін түсіну, табиғатты аялауға тәрбиелеу.</p>	<p>Балаларда табиғаттың маусымдық өзгерістері туралы, табиғат құбылыстары мен өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінің байланысы туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы, әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін түсіну арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МҚКК «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023 - 2024 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> – қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру күнделікті мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру</p>	<p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.</p> <p>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, таракты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру:</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айту, иллюстрациялар бойынша әңгіме құрастыру, сөздік қорды зат есімдер мен етістіктермен толықтыру.</p>	<p>Сөйлеу қарқынын меңгерту. Ертегілер, тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Балалар иллюстрацияларды қарап, өз бетінше әңгіме құрастыру. Табиғат құбылыстарын, тұрмыстық заттар, мамандықтарды білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен сөздік қорларын толықтыру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Әдеби шығармаларды тыңдау, кейіпкерлер мінезін беру, сұрақтарға жауап беру.</p>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, автор сөздерін айту. Кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңынан құрастыруға баулу.</p> <p>Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда мүмкіндік беру.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Сөздерді байланыстырып сөйлем құрау, затты 2–3 сөйлеммен сипаттау, диалогке қатысу.</p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – логикалық ойлауын дамыту және алғашқы математикалық түсініктерін қалыптастыру.</p>	<p>"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Шама. Ұзындығы, ені, және биіктігі бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттардысалыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кеңейту.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – Қарапайым сюжеттік композициялар салу. Ертегі кейіпкерлері мен табиғат көріністерін бейнелеу, түстерді үйлестіру.</p>	<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің, табиғат туралы суреттердің, заттардың пішіндеріне, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнгерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау дағдыларын дамыту.</p> <p>Дәстүрден тыс әдіс бойынша сурет салу тәсілдерін бекіту.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – Ертегі тақырыптарына сюжеттік композициялар жасау, ұжымдық мүсіндеу жұмыстарында бірлесіп әрекет ету.</p>	<p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композицияларқұру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala»</b> – Пішіндерді ретімен орналастырып бейне жасау, желімдеу тәсілдерін қолдану. Ұсақ элементтермен жұмыс жасау.</p>	<p>Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p> <p>Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala» + «Шабыт»</b> – Ұжымдық құрылыс жасау, жеке бөліктерді біріктіріп ортақ ойын құру, өз ойынан құрастыру.</p>	<p>Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызыған құрылысын талдауға баулу</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт»</b> – музыкалық есту қабілетін, эстетикалық талғамын және өнерге сүйіспеншілігін дамыту.</p>	<p>Музыка тыңдау, әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Әуенді таза және сөздердіанықайтуға, музыканыңсипатынжеткізбелугеүйрету. Аспаптыңсүйемелдеуімен және сүйемелдеуіменсінсін ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен). Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Музыкалықшығарманыиллюстрацияларменсалыстырабілудіқалыптастыру.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p>	<p>Балалардыересектердіңеңбегінбақылаунегізіндеойынәрекетінеынталандыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті</p>

	<p><b>«Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен»</b> – Ересектер еңбегін бақылау, оған құрметпен қарау. Қарапайым тапсырмаларды орындау.</p>	<p>материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Тіріжәнеөлітабиғатзаттары мен құбылыстарынақызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау), топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p>
--	---	---

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы** МҚКК «Балдырған» бөбекжай- балабақшасы

**Топ:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі :** 2023 - 2024 оқу жылы наурыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p>«Қамқор» жобасы – балалардың денсаулығын нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, мәдени-гигиеналық дағдыларын жетілдіру арқылы салауатты өмір салтына тәрбиелеу.</p>	<p>Ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Тапсырманы орындай отырып, жүру және жүгіру. Басына қап қойып, тепе-теңдікті сақтай отырып, жіптің бойымен жүгіріп, алақан мен табанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу. Екі аяқтың ұшымен итеріліп, орташа биіктікке секіру. Допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалатуды, 2 метр арақашықтықта допты бір-біріне төменнен лақтыру дағдыларын бекіту.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> <b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы – балалардың сөздік қорын байытып, сөздерді дұрыс қолдануға, сұрақтарға толық әрі мазмұнды жауап беруге үйрету</p>	<p>Ұлттық мерекеге байланысты сөздерді түсіну дағдыларын, жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Жыл мезгілінің ерекшеліктерінайт алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. Сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» жобасы – Ертегілер мен өлеңдерді тыңдау, кейіпкерлерді талқылау, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p>	<p>Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білуде дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнгерлеп, дауысырғағын келтіріп айтуды дамыту</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы» – Қарапайым сұрақтарға жауап беру, қысқа сөйлемдер құрастыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.</p>	<p>Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздермен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білуде дағдысын дамыту.</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p>	<p>Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-</p>

<p>«Smart Bala» жобасы – қарапайым өлшемдерді салыстыруға үйрету, логикалық ойлауын дамыту</p>	<p>тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тен). Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері кеңейту. Таныс заттарды биіктігіне қарай (биік,аласа) салыстырып, оларды сол белгілері бойынша біріктіру.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«Шабыт» жобасы – өнерге қызығушылықты арттыру.</p>	<p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«Шабыт» жобасы – дайын мүсінді элементтерімен безендіру.</p>	<p>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы заттық мүсіндеу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабыт» + «Smart Bala» – пішіндерді бірізділікпен орналастырып жапсыру.</p>	<p>Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Элементтердің ретін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып, ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіру дағдыларын дамыту.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Smart Bala» + «Шабыт» – Табиғи және қалдық материалдардан ұлттық бұйымдар құрастыру, ұжымдық жұмыс жасау.</p>	<p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p>
<p>Музыка</p> <p>«Шабыт» жобасы – Домбыра, сылдырмақ сияқты аспаптарды тану, ұлттық әуендерге сәйкес қимылдар орындау.</p>	<p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға интеландыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, домбырамен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Қоршаған орта</p> <p>«Қамқор» жобасы – Көктемгі табиғат құбылыстарын бақылау, құстардың, жануарлардың тіршілігін тану, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</p>	<p>Көктемгі табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат дыбысын, яғни судың сылдырын, желдің, жаңбырдың дыбысын және жануарлардың дауыстарын ажырата алу дағдыларын дамыту. Балаларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы: МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасы**

**Топ/сынып: «Айгөлек» орта тобы**

**Балалардың жасы: 3 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2023 - 2024 оқу жылы**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> – Жылдамдық, шыдамдылық, ептілік дағдыларын дамыту.</p>	<p>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Сызықтар арасымен (10 см арақашықтық) жүре отырып, 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеу. Көлбеу тақтайда жоғары-төмен жүру. Допты бір-біріне лақтырып, оны екі жағынан бірдей еркін қол қимылдарымен қағып алу дағдыларын бекіту. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Заттар тобын білдіретін сөздерді қолдану, диалогке қатысу.</p>	<p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді айта білу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: өлі және тірі табиғат туралы әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Ертегілерді сахналау, кейіпкерлердің әрекетін бейнелеу.</p>	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға баулу. Көктем мезгілін дегі өсімдіктердің тіршілігі туралы, орманда, бақшада, далада өсетін өсімдіктер туралы, нанның адам үшін маңыздылығын түсіндіру. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіндіру. Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа) туралы түсіне отырып, топқа бөліп жұмыс жасау.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Сөздік қорды жаңа сөздермен толықтыру, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану.</p>	<p>Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, еркін ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балалардың сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тілдерін жетілдіру. Көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p>

<p><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – қарапайым математикалық амалдарға қызығушылығын арттыру және танымдық дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру.</p>	<p>"Көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп), біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтау. Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік- аласа ажырата білу.</p>
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – сюжеттік суреттер салуға баулу, бейнелі ойлауын, қиялын және эстетикалық талғамын дамыту арқылы шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.</p>	<p>Қылқаламмен сурет салуға және дәстүрден тыс әдісті қолдана отырып, сурет салу. Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету. Балалардың сүйікті ертегі кейіпкерлерін, тақырыптық суреттерді өз қалаулары бойынша салуға үйрету.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – жеке жұмыстарды ұжымдық композицияға біріктіру.</p>	<p>Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көгөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. Ермексазды илеу, домалақтау, созу арқылы мүсіндеу. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.</p> <p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Жапсыру</p> <p><b>«Шабыт» + «Smart Bala»</b> – Қағазды бүктеп қию, көлеміне қарай бейнелерді орналастыру, тақырыптық заттарды жапсыру.</p>	<p>Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін оған қызығушылыққа баулу. Затты бүктеп қию тәсілдерін үйрене отырып, қағаз бетіне ұқыпты жапсыра білу.</p> <p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша ара-қатынасын ескеріп тақырыптық заттарды жапсыра білу.</p>
<p>Құрастыру</p> <p><b>«Smart Bala»</b> – Қағаздан қарапайым пішіндер құрастыру («оригами»), бөлшектерді біріктіру арқылы композиция жасау.</p>	<p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршық тап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыру.</p>
<p>Музыка</p> <p><b>«Шабыт» жобасы</b> – Ән мазмұнын түсіну, көңіл-күйді ажырату, билер орындау, музыкалық аспаптарды қолданып ойнау.</p>	<p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды естесектеуға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру. Билер: Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану. Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p> <p><b>«Еңбегі адал – жас өрен» жобасы</b> – Еңбек түрлерімен таныстыру, жол қозғалысы ережелерін үйрету.</p>	<p>Балалар көктемдегі еңбек туралы, дән тұқымымен таныса отырып, , бидайдан нан жасалатынын түсіндіру. Балалар аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді кеңейту.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** «Балдырған»бөбекжай-бақшасы

**Топ/сынып:** «Айгөлек» орта тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** мамыр айы, 2023 - 2024оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы	<p align="center"><b>Физикалық қасиеттерді дамыту</b> Дене шынықтыру</p> <p><b>«Қамқор» жобасы</b> – қимыл ережелерін сақтау, гигиеналық дағдыларды бекіту.</p>	<p>Ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу. Жалпы дамытушы жаттығулардың орындалу ретін, бірлескен қимылды ойындарға қатысу, қимылды ойындарды қызығып ойнау, күнделікті гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін біледі.Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жүппен) жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, "жыланша", шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу дағдыларын бекіту.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсетудің бастапқы дағдыларын, салауатты өмір салты туралы түсініктерін, үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту.</p>
	<p align="center"><b>Коммуникативтік дағдыларды дамыту</b> Сөйлеуді дамыту</p> <p><b>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы</b> – Заттарды сипаттау, сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегілерден үзінді айту, жаңа сөздерді қолдану.</p>	<p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» жобасы</b> – Ертегі кейіпкерлерін ойында сомдау, сұрақтарға толық жауап беру, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p>	<p>Еркін ойындарда ертегідегі таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге(қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Сұраққа толық жауап бералудағдыларынжәнеартикуляциялықаппаратты дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліккетәрбиелеу.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p><b>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы»</b> – Қазақша сөйлемдер құрастыру, жаңа сөздерді қолдану, қысқа мәтіндер құрау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.</p>	<p>Қазақ тіліндегі сөздер менсөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білугеүйрету. Сөздік қорларын жаңасөздерментолықтыру,өткенді ескетүсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру. Педагогтің үлгісі бойынша шағынмәтіндерқұрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
	<p align="center"><b>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</b> Математика негіздері</p> <p><b>«Smart Bala» жобасы</b> – қарапайым математикалық</p>	<p>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, "Тең бе?", "Қайсысы артық (кем)?" сауалдарына жауап беру. Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру. Уақытты</p>

амалдарға қызығушылығын арттыру және танымдық дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыру.	бағдарлау, математикалық ұғымдар туралы білімдерін бекіту.
<p><b>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</b> Сурет салу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» жобасы – Сюжеттік сурет салу, пішіндердің ерекшеліктерін бейнелеу, бояу техникасын қолдану, дәстүрден тыс әдістерге қызығушылық.</p>	<p>Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыруды, пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын бекіту.</p> <p>Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық таныту.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>«<b>Шабыт</b>» жобасы – Еремексазданбірнеше бөлікті біріктіру, ұжымдық композиция құру.</p>	<p>Сазбалшықтың және еремексаздың қасиеттерін біле отырып, мүсіндейтін затты зерттеу, мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін пайдалана білу. Мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды меңгеруеде бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндей отырып, жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіруді бекіту.</p> <p>Мүсіндеудеқауіпсіздікережелерінсақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>«Шабыт» + «Smart Bala» – Қию және жапсыру, ұжымдық композиция құру, шығармашылық қиялды дамыту, қауіпсіздік пен ұқыптылықты сақтау.</p>	<p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Шығармашылық қиялды дамыту.Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>«Smart Bala» – Табиғи және қалдық материалдардан композиция жасау, ойдан құрастыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.</p> <p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>
<p>Музыка</p> <p>«<b>Шабыт</b>» жобасы – Әннің сипатына сәйкес қимылдар орындау, көңілді және ойнақы әуендерді ажырату, сахналық қойылымдар жасау.</p>	<p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау. Музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойыншатаныс әндерді сахналауға баулу.</p>
<p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</b> Қоршаған орта</p> <p>«<b>Еңбегі адал – жас өрен</b>» жобасы – Экологиялық тәрбие: өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық, табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау.</p>	<p>Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптастыру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға баулу.</p>